

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-тұрк университеті**

**Теология факультеті**

**Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің**

### **№8 ХАТТАМАСЫ**

**Түркістан қаласы**

**27.04.2023 ж.**

**Қатысқандар:**

Комиссия төрагасы: Нурматов Жахангир-Теология каф. менгерушісі

**Комиссия мүшелері:**

Қыпшақбаев Нұрперзент-Оку ісі жөніндегі декан орынбасары

Шәуенов Дидар-Дінтану каф. менгерушісі

Бейсенов Айбек- Дінтану кафедрасы, аға оқытушы

Оразбай Сержан- Дінтану кафедрасы, аға оқытушы

Адиева Лаззат- Дінтану кафедрасы, оқытушы, академиялық комитет төрайымы

Ботақараев Бауыржан- Теология кафедрасы, аға оқытушы

Буkenова Жаухар-факультет әдіскері

Боранбай Динара-факультет хатшысы

Абдулхамит Тұрсынханқожа-студент, ТТО-911F

Қиянбекова Айдын-әдістемелік жұмысты ұймдастыру бөлімінің әдіскері

**Қатыспағандар:** -

**Шақырылғандар:** Ж.Тлеубергенова – әдістемелік жұмысты ұймдастыру бөлімінің әдіскері

### **КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Оқытушы- профессор құрамы мен қызметкерлердің университет тарапынан жүргізілетін басқару процесіне, академиялық, инфрокұрылымдық және әлеуметтік қолдау жүйелерінің қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру.
2. Оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысна мониторинг жүргізу
3. ББ білім алушыларының контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шараларының нәтижелілігін талдау, жетілдіру.
4. Сәүір айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау

**1. Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағасы Ж.Нурматов** күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлердің университет тарапынан жүргізілетін басқару процесіне, академиялық, инфракұрылымдық және әлеуметтік қолдау жүйелерінің қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар нәтижелерін талдау ұсынды. Жалпы университетте психологиялық атмосфера қанағаттанарлық.

**Шешім:** Оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлердің университет тарапынан жүргізілетін басқару процесіне, академиялық, инфрокұрылымдық және әлеуметтік қолдау жүйелерінің қызметтеріне қанағаттану деңгейін жоғарылату мақсатында келесі ұсыныстар айтылды:

Оқытушылардың жағдайларын жаксарту бойынша ұсыныстар:

1. Кафедра қызметкерлерін еліміздің және әлемнің басқа университеттерінің базаларында оқыту, шетелдік тағылымдамаларды қолжетімді ету.
2. Оку процесін қазіргі заманғы материалдық-әдістемелік қамтамасыз ету.
3. Оқытушыны қағаз және бюрократиялық жүктемеден босату.

4. Әр оқытушының жұмыс орнын анықтау, заманауи компьютерлермен жабдықтау, жалақысын көтеру.

5. Халықаралық конференцияларға қатысу үшін университет есебінен іс-сапарлар мүмкіндігін карастыру.

**2. Тыңдалды: Б.Сайфунов:** күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз қозғады: оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг жүргізу.

Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабак барысында пайдалана отырып сабакты сапалы әрі қызықты өтүге ұмтылуда. Оқытушыларының сабак беру барысында жаңа технологиялар мен әдістемелерді кеңінен қолдану сабактың сапасын артуда. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын менгермейінше, сауатты әрі жан-жакты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны менгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және басқа да адам келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін - өзі дамытып оку - тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Факультеттің ОПК-ң сабактарына оку-әдістемелік бөлім басшылары, кафедра менгерушілері, факультеттің және кафедраның оку-әдістемелік төрайымы мен кафедра мүшелері қатысып, откен сабактарға талдау жасалып, хаттамалар дайындалды.

№	Кафедра	Семинар тақырыбы	Мерзімі	Жауапты орындаушы
1	Дінтану	Дін психологиясы пәнін оқытудағы алғышарттар	Сәуір	Филос.ғ.к., аға оқытушы М.Мырзабеков
2	Дінтану	Мамандықтардың ББ әзірлеу мәселелері	Сәуір	Доцент С.Оразбай
3	Теология	Эрджеис университетінің ислам тарихы пәнінің оқыту әдістері	Наурыз	PhD аға оқытушы А.Усайнова
4	Теология	Ислам философиясы пәнін оқытудағы алғышарттар мен оку бағдарламалары	Сәуір	PhD аға оқытушы Б.Ботакараев

**Ж.Тлеубергенова:** Оку әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша әдістемелік семинарлардың маңызы зор. Бұл семинарлар факультет бойынша жүргізілді, сонымен қатар кафедраларда да кафедра ішілік семинарлар ұйымдастырылды. Сонымен қатар семинарларға оқытушы-профессор құрамының қатысуына ықпал жасалынды.

**Шешім:** ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын қолдану аясы кеңейтілсін. Алдағы оку жылы инновациялық технологияларды: жобалау технологиясы; саралап дараптап оқыту; дамыта оқыту технологиясы; модульдік оқыту технологиясы; сын түрғысынан ойлауды дамыту; сатылай кешенді талдау; деңгейлеп оқыту технологияларын қолдану аясын кеңейту академиялық комитет тарапынан колға алынсын.

**3. Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағасы Ж.Нурматов** күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сөз қозғады: ББ білім алушыларының контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шараларының нәтижелілігін талдау, жетілдіру.

**Бейсенов А.:** Кафедраларда 2022-2023 жылына арналған кәсіби бағдар жұмыстарының жоспары құрылған. Оқытушы-профессорлар мектептерге барып, оқушыларды мамандыққа баулу мақсатында кәсіби бағдар жұмыстарын жасау қажет. Оқытушы-профессорлар бөлінген

тізім бойынша мектептерге барып, мамандықтарымызға талап білдіруші окушылардың тізімін алғып, оларды ақысыз кенес беруге шақыру қажет.

Түркістан облысында 1033 мектеп бар. Облыс бойынша шамамен 27-28 мың талапкерлер мектепті бітіреді деп күтілуде. Барлық аудан және қала орталықтарындағы тест орталықтарымен байланыс орнатылды. Енді көршілес облыстармен де байланыстар қарастырылуда.

Сонымен қатар 26-27 сәуір 2023 жыл VI-Республикалық жалпы білім беретін мектеп окушылар арасында дінттану және теология пәндік олимпиадасы өткізілді. Олимпиадага Түркістан қаласымен қатар көршілес аудандар – Созак, Тұлқібас, Түркістан, Ордабасы және Арыс аудандарының мектеп окушылар катысты. Сонымен қатар Қарағанды, Ақтөбе, Шығыс Казакстан, Орал, Қызылорда облыстарынан да мектеп окушылары катысты.

«Дінттану және Теология» пәндік олимпиадасына катысушы окушыларды жазбаша және ауызша сынақ нәтижелері қорытындысы негізінде тізім бойынша 1-6 орындарға ие болған окушыларға дипломдармен 7-16 орын алған окушыларды университет квотасы сертификатымен марапаттауды, сонымен қатар 19 окушыға олимпиадага қатысып белсенділік танытқаны үшін мақтау қағаздарымен марапаттауға ұсынылды. Жалпы алғанда «Дінттану және Теология» пәндік олимпиадасына қатысқан 35 окушыдан жүлделі орынға қол жеткізген 6 окушыға дипломдар беріліп 10 окушыға университет квотасының иегері сертификаты табысталады. Қалған 19 окушы мақтау қағаздарымен марапатталды.

2022-2023 оку жылында кәсіби бағдар жұмыстары бойынша жоспарланған іс-шаралар

№	Барын өнір	Іс-шара өтетін орындар		Ескерту
		28.04.2023-26.05.2023		
1	Павлодар облысы	Облыс активі, облыс әкім аппараты, аудан әкімдерімен профориентация		
		Облыстық білім беру баскарма басшылығы, білім беру мекеме басшыларымен профориентация		
		Өнірлік ҚМДБ өкілдерімен профориентациялық жұмыс		Сенбі, жексенбі күндері болуы мүмкін
		Өнірдегі медресе бітірушілерімен профориентациялық жұмыс		Сенбі, жексенбі күндері болуы мүмкін
2	Ұлытау облысы	Облыс активі, облыс әкім аппараты, аудан әкімдерімен профориентация		
		Облыстық білім беру баскарма басшылығы, білім беру мекеме басшыларымен профориентация		
		Өнірлік ҚМДБ өкілдерімен және облыстағы медресе бітірушілерімен профориентациялық жұмыс		Сенбі, жексенбі күндері болуы мүмкін
3	Батыс Казакстан облысы	Облыс активі, облыс әкім аппараты, аудан әкімдерімен профориентациялық жұмыс		
		Облыстық білім беру баскарма басшылығы, білім беру мекеме басшыларымен профориентациялық жұмыс		
		Өнірлік ҚМДБ өкілдерімен профориентациялық жұмыс		Сенбі, жексенбі

			күндері болуы мүмкін
	Өнірдегі медресе бітірушілерімен профориентациялық жұмыс		Сенбі, жексенбі күндері болуы мүмкін

**Шешім:** ББ білім алушыларының контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шараларының нәтижелілігі қолға алынын.

**Тындалды:**

**Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Ж.Нурматов күн тәртібіндегі тәртінші мәселе бойынша сөз алғып, сәуір айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін қорытындылады:**

Оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлердің университет тарапынан жүргізілетін басқару процесіне, академиялық, инфракүрылымдық және әлеуметтік қолдау жүйелерінің қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастырудың маңыздылығын ала тартты. Әсіреле бұл мәселе бойынша шетелдік ЖОО-ның тәжірибесін пайдалануға болатындығын тілге тиек етті.

**Ж.Нурматов:** Сонымен қатар ББ іске асыруда оқытуудың инновациялық әдістерімен технологияларын қолдану аясы кеңейтуге аса назар аудару қажет. Бұл өз кезегінде білім алушыларға сапалы білім беруге ықпал етеді.


**Д.Шауенов:** ББ бойынша білім алушылардың контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шараларының нәтижелілігін талдау бойынша жұмыстарды одан сайын күштейтіміз керек. Келесі жылды да VII-Республикалық жалпы білім беретін мектеп окушылар арасында дінттану пәндер олимпиадасын ұйымдастыруымыз қажет. Әсіреле Қазақстанның солтүстік өңірлерден талапкерлерді тарту мәселесін жолға қоюымыз керек.

**Шешім** Факультеттегі сәуір айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Оқытуудың инновациялық әдістер мен технологияларын жүргізу


3. ББ білім алушылардың контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру

**Мәжіліс төрағасы:**



Ж.Нурматов

**Мәжіліс хатшысы:**



Д.Боранбаева